



АТЫРАУ
UNIVERSITY

Газет 2000 жылдың
сәуір айынан шығады

Университет

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМҰХАМЕДОВА

№9 (114)
Желтоқсан, 2021 жыл



ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

Құрметті Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің қызметкерлері, профессор-оқытушылары, студенттер!

Сіздерді мемлекетіміздің ең маңызды мерекесі - Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздігіне ие болғанымызға биыл 30 жыл толып отыр. Осы елдік пен ерлікке толы уақытта қазақстандықтар өтпелі кезеңнің барлық қиындықтарын жеңіп, әлемдік сахнаға көтерілді. Республикамыздың осындай биіктерді бағындыруына елін сүйер әрбір азамат зор үлес қосып келеді. Ұрпақтарының ырысы ортаймасын, намысы тапталмасын деп көкसेген ата-бабамыздың арманы орындалған осы шақта баршаңызда бақыт, байлық, береке молая берсін. Еліміздің ертеңі жолындағы еңбегіміз жана берсін!

Ұлттық қасиетіміз бен рухани құндылықтарымызды ұлықтап, ұлттық намысымызды оятқан, әлемге қазақты еркін, рухы биік, намысы берік халық ретінде жариялаған Тәуелсіздігіміздің мәртебесі әрқашан биік болсын! Осындай мерейлі шақта еліміздің гүлденіп, көркеюі жолында аянбай еңбек етіп жүрген Сіздерді ұлттық мерекемізбен құттықтай отыра, мықты денсаулық, толағай табыс тілеймін.

Көк туын желбіреткен, Әнұранын әулеткен еліміздің Тәуелсіздігі мәңгілік болсын!

Құрметпен,

«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ
Басқарма төрағасы-ректоры Саламат Нұрмұханұлы Идрисов

МЕМЛЕКЕТТІК ХАТШЫ УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ



9-желтоқсанда Атырауда Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған салтанатты іс-шараға қатысып Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде орналасқан Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі өңірлік комиссиясының Жобалық кеңсесіне келді. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссиясы жұмысына басшылық ететін Қырымбек Көшербаев Атырау облыстық комиссияның жұмысымен танысты.

Кіріспе сөзінде өңірлік комиссиясы төрайымы, облыс әкімінің орынбасары Бақытгүл Хаменова Мемлекет басшысының Жарлығын тиімді іске асыру және саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі аймақтық комиссиясының жұмысын белсенді атқару үшін облыс басшылығы тарапынан қажетті жағдай жасалғанын айтып өтті. Белгіленген бірнеше нақты міндеттер бойынша барлығы 29 ғалым мен сарапшылардан құрылған 8 жұмыс тобы жан-жақты шаралар жасаған.

Сонымен қатар мемлекеттік хатшыға университетіміздегі өңірлік комиссиясы Жобалық кеңсесінің нақты атқарылған жұмыстарымен таныстыра келе, кеңсе жетекшісі, Қазақстан халқы Ассамблеясы институтының директоры, Мемлекеттік және Атырау облыстық комиссиялары жұмыс топтарының өкілі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Жанна Қыдыралина облыс әкімі аппараты мен университет басшылығының қолдауымен өңірлік комиссия жұмысы жартыжылда өз жұмысын жүргізіп отырғанын жеткізді. Оның ішінде жұмыс топтары құрамындағы университетіміздің 16 тарихшы, философ ғалымдарына барлық жағдай жасалынса, олардың жалақысы сақтала отырып, оқу жүктемелері азайтылған. Ғалымдар еліміздің орталық және аймақтық архивтерінде белсенді ізденіс мен зерттеу жүргізіп мыңдаған істерді тексеріп зерделеген. Олардың қатарында зобалаң жылдары Гурьев облысында арнайы қоныстану режимде, жер аударылуда болған әртүрлі мемлекеттік құдалау санаттары бойынша 3 мыңға жақын адамдардың істері, Гурьев облысының тумалары, екінші дүниежүзілік соғыс тұтқындары, неміс армиясының Түркістан легионерлері болған 3,5 астам - 4 мың адамдардың істері мен фильтрациялық тексеру, трофейлік карточкалары зерттелді. Сондай-ақ, 1943-1945 жж. Гурьев қаласында ГУАС НКВД құрылыс басқармасының одақтық мұнай-өндіру зауытын салуға

жұмылдырылған еңбек армиясында 50 ұлттан 12,5 мың спецпереселендердің құпия құжаттары зерттелуде.

Университет ғалымдары, комиссия мүшелері, ҚР Бас прокуратурасы Атырау облысы бойынша арнайы құқықтық статистика және есеп Басқармасының мұрағатында саяси репрессиялар бойынша 500 құпия архивтік істерді анықтап, оларды құпиясыздандыру қажет туралы



сараптамалық қорытынды дайындады. 1993 ж. Заңнан кейін 400 дей ақтауға болмайтын деп белгіленген азаматтардың карточкалары мен істері (көбінесе мұрағаттық қылмыстық істері жоғалған себептерінен шешімдер бұрынғы қалпында қалған) қайта зерттелінген. Өңірлік комиссия және оның жұмысшы топ мүшелері облыстың барлығы 7 аудандарға экспедицияларға шығып халықпен кездескен. Мемлекеттік комиссияға, оның Жобалық кеңсесіне, ҚР БҒМ Ғылым Комитетіне университеттің ғалымдары арасынан Мемлекеттік және аймақтық комиссия жұмысшы

топтарының өкілдері идеологиялық репрессиялар, кеңес тоталитарлық жүйеге наразылық көрсеткен протесттік топтар, ұйымдар, Алаш қозғалысына саяси баға беру және ақтау мәселелері, т.б. бойынша 7 талдау анықтамалар, тарихи шолулар, ақпараттар берді.

Атқарылып жатқан жұмысты жұртшылыққа таныту үшін республикалық және аймақтық БАҚта, әлеуметтік желілерде тиісті шаралар кеңінен ұйымдастырылып жатыр. Әр бейсенбі сайын кеңседе халықпен кездесу күндері өтеді. Сондай-ақ саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы мәліметтер бірыңғай республикалық электронды базасын жасақтау жұмысына жиналған ақпараттар жүйеленіп жинақталып жатыр. Келесі жылға халқымыздың тарихындағы қасіретті кезең, тарихи әділдікті қалпына саяси қуғын-сүргін құрбандары, мемлекеттік қайраткерлер, ел Тәуелсіздігі үшін күрескен тұлғалар, топтар мен ұйымдар жаңа монографиялар, жинақтар шығару көзделіп отыр. Жұмыс әлі де жалғасуда деп, Жанна Қыдыралина қорытындылады. Қырымбек Көшербаев өз сөзінде Мемлекеттік комиссиясының жұмысы кең ауқымды, әлі де көп шаралар жоспарланып отыр деді. Бұл қоғамға маңызды жұмысты атқару үшін мемлекет қолдау алдағы уақытта да жалғасын табады. Елімізде Ұлттық жад институтын құру мәселесі қарастырылып жатыр. Ғалымдарымыздың қасіретті жылдар тарихының бұрын ашылмаған беттері туралы жаңа ғылыми еңбектер, монографиялар, ғылыми жобалар қажеттігіне ерекше мән берді. 23 желтоқсанда болатын Мемлекеттік комиссияның

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАР ОРТАЛЫҒЫ



6 желтоқсан күні Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Инновациялық білім беру факультетінің «Психология және арнайы білім беру» кафедрасының ұйымдастыруымен «Дарын»-инклюзивті ресурстық орталықтың ашылу салтанаты өтті.

Орталықтың мақсаты - облысымыздағы және университеттегі дарынды және ерекше балаларының әлеуетті мүмкіндіктері мен шығармашылық қабілеттерін анықтау, дамыту, қолдау және оларға психологтардың, логопедтердің кеңсе беруін ұйымдастыру. Сонымен қатар, осы шараға орайластырып, «Қазіргі қоғамдағы ло-



гопед қызметінің маңызы» атты дөңгелек үстел өткізілді. Онда логопед мамандардың ролі, оған қойылатын талаптар, жұмыс жасау ерекшеліктері талқыланды.

Айтулы шараға әртүрлі ұйымдар мен мектептерде жұмыс жасап жүрген дефектолог, логопед мамандар қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісті, студенттердің көптеген сұрақтарына жауап берді. Болашақ мамандар үшін мұндай шаралардың маңызы өте зор.



ОҚЫТУШЫ-ПРОФЕССОРЛАР ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ

7-8 желтоқсан аралығында алғаш рет Алматы қаласында EdCrunch Global білім берудегі жаңа технологиялар бойынша Еуропадағы ең ірі халықаралық конференция өтті. Аталмыш маңызды шараға Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Академиялық мәселелер жөніндегі вице-проректоры Қансұлу Утепкалиева барып қатысса, университеттің профессор-оқытушылар құрамы онлайн форматта дәріс алды.

Халықаралық конференцияға ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, ЖОО басшылары, қоғам белсенділері,

25 елден келген 400-ден астам спикерлер қатысты. Басқосу барысында халықаралық сарапшылар өз тәжірибесімен бөлісіп, білім берудегі цифрлық технологиялардың соңғы жаңалықтары туралы әңгімеледі. Спикерлер сараптамалық сессия, панельдік пікірталас және шеберлік сыныптарын өткізді. Сонымен қатар, педагогикалық дизайн саласындағы озық тәжірибелерімен бөлісіп, білім беру саласының болашағы мен жаңа технологиялардың, оқыту саласындағы ғылыми жетістіктері туралы талқылады.

Конференция бағдарламасы бес бөлімнен тұрады: ерте балалық шақ, 21 ғасыр мектебі, цифрлы университет, корпоративті оқыту және EdTech. Сондай-ақ, спикерлер дауыстық көмекшілерден бастап, жасаңды интеллектке дейінгі білім берудегі жаңа

технологиялардың әлеуеті; постковидтік кезеңдегі мектеп білімінің революциялық форматтары; нейробиологияны максималды тиімділіктің негізі ретінде қарастыру; медиа, ойын-сауық, спорт салаларындағы білім беру кеңестері мен EdTech-тегі жаһандық және жергілікті трендтер сияқты тақырыптарды талқылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен Алматы қаласының Әкімдігі, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің ұйымдастыруымен өткен мұндай маңызды іс-шара университетіміздің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлеріне тәжірибе алмасу және жаңа идеяларды іске асыру үшін пайдалы да тиімді екенін атап өту керек.

«ЕРЕН ЕҢБЕГІ» МЕДАЛІНІҢ ИЕГЕРЛЕРІ

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетіндегі оқытушы-профессорлардың тастарға саналы білім саналы тәрбие берумен қатар тәуелсіз мемлекетіміздің даму жолындағы атқарып отырған жұмыстары да ұшан теңіз. Олардың әрбір жетістіктері ұжым үшін зор мақтаныш. Соның дәлеліндей биылғы жыл да өз ерекшелігімен есте қалуда.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесіне орай, тәуелсіздіктің нығайтуына зор үлестерін қосқан университетіміздің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Ғизатолла Имашев пен тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының меңгерушісі Лесқали Бердіғожин Қазақстан Республикасы Президенті жарлығымен «ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» медалімен марапатталды.

Қос әріптесімізді жеткен жетістіктерімен шын жүректен құттықтаймыз. Еліміздің өсіп, өркендеуіне қосып жатқан үлестеріңізге толағай табыс, мықты денсаулық, жанұяларыңызға бақ-береке тілейміз. Алға қарайда еңбектеріңізбен ел құрметіне



бөленіп, тәуелсіз мемлекетіміздің дамуына өлшеусіз өз үлестеріңізді қоса беріңіздер.

МАТЕМАТИКАНЫ ЖАҢАША ОҚЫТУ

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің ұйымдастыруымен 8 желтоқсан күні «Заманауи мектептегі білім беру: мәні, мақсаттары мен болашағы» тақырыбында форумы өтті.

Форумның мақсаты Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесінің алдында тұрған негізгі стратегиялық міндеттерді іске асыру, білім беру саласындағы проблемаларды айқындау және өңірдегі білім беру сапасын арттыру бойынша озық педагогикалық тәжірибемен алмасу болып табылады.

Пленарлық мәжілісті Басқарма – төрағасы, ректор Саламат Нұрмұханұлы кіріспе сөзімен ашып, форум жұмысына сәттілік тіледі.

Аталмыш шарада Қазақстандағы заманауи мектептегі білім беруді дамытудың негізгі бағыттары, Математика пәнін оқытуда дидактикалық материалдардың маңызы т.б тақырыптарда баяндамалар оқылды. Сонымен қатар, форум аясында физика және математика бағыты бойынша дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Спикерлер өз баяндамаларын кейстерді көрсету және талдау бойынша құрастырды, онда білім берудің жаңа мазмұнында математика мен физиканы нені және қалай оқыту керек деген сұрақтар қозғалды.



МАҢЫЗДЫ БАСҚОСУ

2-3 желтоқсанда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің делегациясы Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университетінде Каспий маңы елдері мемлекеттік университеттері қауымдастығының XXIII Бас Ассамблеясының отырысына қатысты.

Каспий маңы елдері мемлекеттік университеттері қауымдастығы Қазақстанның білім беру кеңістігінің кеңеюіне зор ықпал етіп отырған маңызды халықаралық ұйымдастықтың бірі. 1996 жылы Астрахань мемлекеттік техникалық университеті мен Горган ауыл шаруашылық және табиғи ресурстар университеті (Иран Ислам Республикасы) бастамасымен құрылған Ассоциация құрамында бүгінде Қазақстан, Ресей, Иран, Әзірбайжан мемлекеттерінің белді оқу орындары бар. Қауымдастық қызметі 4 мемлекеттің Каспий маңы ЖОО бірлескен халықаралық, білім беру және мәдени бағдарламаларды іске асыру мақсатында күш біріктірген Каспий теңізі мәселелерін шешуге бағытталған. Бұл тек қана ғылыми-зерттеу орталықтарының ынтымақтасуы ғана емес, сонымен қатар студенттермен алмасу, қайта даярлау және оқытушылардың біліктілігін көтеру болатын.

Маңызды шараға ҚР ЖОО ректорлары, Каспий мемлекеттері қауымдастығының ректорлары, салалар бойынша пікір көшбасшылары, стейкхолдерлер, жоғары білім сарапшылары, Маңғыстау аймағының білім беру ұйымдары мен студенттері қатысты. Сонымен қатар отырысқа Ғылым және халықаралық қатынастар жөніндегі проректор Ай-

болдинов Еламан Қанатұлы да қатысты. Yessenov university базасында өткен XXIII Бас Ассамблеяда Басқарма Төрағасы – ректор Саламат Нұрмұханұлы Идрисов қауымдастық аясында жүргізілген шаралар туралы баяндамасын жасады.

Х.Досмұхамедов Университеті 2020–2021 жылдары бірқатар жұмыстарды іске асырды. Олардың қатарында Астрахань мемлекеттік техникалық университетімен экология бағыты бойынша бірлескен қосдипломды білім бағдарламасы іске асырылып, 2021 жылы алғашқы түлектер бітіріп шықты. Қазір Сумгаит мемлекеттік университетімен бірлескен қосдипломдық білім бағдарламасы жасалуда. Сонымен қатар басқа да әріптес университеттермен бірлескен бағдарламалар жасау бойынша жұмыстар жүргізілген.

Каспий маңы елдері мемлекеттік университеттері қауымдастығының XXIII Бас Ассамблеясы барысында Каспий маңы елдері университеттерінің білім саласындағы байланысын одан әрі дамыту, бірлескен білім бағдарламаларын ашу, магистратура бойынша бағдарламалар ашу, каспий маңы елдерінің мәдениет пен өнер саласындағы байланысын кеңейту бойынша ұсыныстар ассамблея резолюциясына енгізілген.

ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ



«Тұғыры биік - Тәуелсіздік» тақырыбындағы республикалық пікірсайыс турнирі 2021 жылдың 4-5 желтоқсанында Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Жастар саясаты департаментінің ұйымдастыруымен және «Jas Otan» Жастар қанаты Атырау облыстық филиалының қолдауымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған болатын.

Ондағы басты бағыт Еліміздің айтулы мерекесін насихаттау, студенттердің интеллектуалды деңгейін арттыру, тұжырымды пікір айтуға дағдылау арқылы жастардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділіктерін арттыруды мақсат ету болатын. Бұл шешендік өнер додасына еліміздің әр түкпірінен келген ойы жүйрік, тілі шешен жастардан құралған 24 фракция мен 48 спикер қатынасып, турнир Британдық парламенттік және Линкольн-Дуглас форматында өткізілді. Пікірсайыста әлемдік және еліміздегі болып жатқан жағдайлар барысы бойынша көзделген мәселелер қаралумен қатар жастардың бойында коммуникативтілікті арттыру, коман-

дада жұмыс істей білу сынды қасиеттерді қалыптастыру жағы да көзделіп, студенттер төмендегіше өз ойларымен бөлісті.

Ермекбаев Қобылан пікірсайысқа қатысушы, Ақтау қаласы:

- Менің есімім Ермекбаев Қобылан Ақтау қаласындағы Ш.ЕСЕНОВ атындағы университеттің 4 курс студенті және Кемел Зияткерлік Пікірсайыс клубының координаторымын. «Пікірсайыс бұл алтын кілт, қоғамның қай салсаң да оны аша аласың», - деген сөзді дебатқа келгенде алғаш естідім. Бұл сөздің растығына бүгінгі Сенатор пікірсайыс клубы ұйымдастырып отырған республикалық турниріндегі тақырыптар дәлел болса керек. Себебі қозғалған тақырыптар қоғамның сан-

саласын қамтиды. Турнир осымен ерекше болды, осымен есте қала алды деп ойлаймын.

Ақжарқын Тілекқабыл, әділ қазылар мүшесі:

- «Senator Cup IV: Тұғыры биік - Тәуелсіздік» республикалық турнирі басынан аяғына дейін қызу, әрі тартысты болды. Тақырыптарды қатысушыларға 15 минут бұрын берілді. Әр раундқа төрешілік

дайындық деңгейі жоғары болды.

Осылайша үздік пікірсайысшылар екі күн бойы бақ сынасқан басқосуда жеңімпаздар анықталды.

Сайыс қорытындысы бойынша:

I орын: «Сингай» фракциясы, Ақтөбе қаласы, спикерлер: Қуаныш Ақнұр, Боранбаева Айдана (200 000 теңге)

II орын: «Нұр-Атырау» фракциясы, Ақтау/Қостанай қаласы



етуде сәл қиналған кездеріміз болды. Жалпы, турнир еліміздің Тәуелсіздігінің 30 жылдығына қарай ұйымдастырылып отырғасын, тақырыптарды да сөз бостандығы, әлемдегі азшылық тараптардың еркіндігі, адамзаттың ғылымдағы даму жолы мен бірқатар елдердің өз тәуелсіздігін алуымен байланыстырып қойдық. Қатысушыларға көмек болсын деп, әлеуметтік желілерде тақырыптарға кілттік суреттер жарияланды. Алдын ала тақырыптар берілмесе де, қатысушылар үмітімізді ақтады. Себебі осы турнирдегі қатысушылардың

спикерлер: Ермекбаев Қобылан, Сабитов Даулет (150 000 теңге)

III орын: «Алдаспан» фракциясы, Алматы/Атырау қаласы спикерлер: Аманқос Ислам, Мұханжан Гүлназ (100 000 теңге)

Үздік талпыныс: «Алаш» фракциясы, Ақтөбе қаласы спикерлер: Жумашева Динара, Дүйсенбек Батыр

«Үздік Спикер»: Ермекбаев Қобылан (30 000 теңге)

«Үздік төреші»: Бақыбаев Алмат (30 000 теңге) көлемінде сыйақылар иеленді.

ЖОЛДАУЛАР – ТӘУЕЛСІЗДІКТІ НЫҒАЙТУҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚҰЖАТ



Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейінгі 30 жыл ішінде үлкен тарихи жолды өтті. Тарихи өлшем тұрғысынан әрине 30 жыл аз уақыт болып саналады. Бірақ, Қазақстанның осы уақытта жүріп кеткен тарихи жолы, қабылданған шешімдер бір ғасырлық, бір дәуірге лайықты. Соған тең.

Қазақстан және оның көшбасшысы Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдаулары мен қабылдаған шешімдері мен жүзеге асқан саясатына қысқаша сараптама жасайтын болсақ, Назарбаев қазақстандықтарға 1996 жылғы 8 қазанда «Елдегі жағдай және 1997 жылға арналған ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы» деп аталатын алғашқы Жолдауын жариялады.

1996 жылы Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдай қиын болып қалды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында басталған экономикалық реформалар әлі айтарлықтай нәтиже берген жоқ еді. Алайда, Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың заң шығару процесіне белсенді қатысуының арқасында елдің заңнамасы белгілі бір пішінге ие болды, ол кейіннен шетелдік инвестициялардың келуін және экономиканың өрлеуін қамтамасыз етті, мемлекеттік саясат қоғамда бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға, азаматтардың құқықтары мен мүдделері туралы конституциялық ережелерді іске асыруға бағытталды. 1996 жылы Инфляция 90 жылдармен салыстырғанда баяулап, 28,7% құрады.

Дегенменде бұл жылдары ҚР әлемдік қауымдастыққа таныла бастаған еді. Мәселен, 1996 жылы Шанхайда өткен Қытай, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстанның мемлекет басшыларының кездесуінде мемлекеттік шекаралар ауданында әскери саладағы сенім шараларын нығайту туралы тарихи келісімге қол қойылды. 27 сәуірде Алматыда Қазақстан мен Ресей президенттері Каспий бойынша бірлескен мәлімдемеге қол қойды, онда Қазақстанның мұнай-газ ресурстарын барлау және әзірлеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығы мойындалды. 11 мамырда Тегеранда Қазақстан мен Иран президенттері Каспий теңізі мәселелері бойынша бірлескен мәлімдемеге қол қойды, онда теңіздің өзі және оның ресурстары жағалаудағы мемлекеттерге тиесілі екендігі және тек осы мемлекеттердің Каспийдегі түрлі қызмет түрлеріне байланысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқығы бар екендігі атап көрсетілген.

1996 жылдың сәуір айында Н. Назарбаевтың «XXI ғасыр қарсаңында» кітабының тұсауы кесілді. Ол кезде мемлекет пен қоғамның одан әрі дамуының түрлі мәселелеріне қатысты қызу пікірталастар жүріп жатты.

Н. Назарбаевтың мемлекеттік бағыты осы пікірталастар барысында жиі сынаға ұшырады және бұл кітап қарсыластарға лайықты жауап болды. Кітап сол кездегі кеңестік кезең бойынша Президенттің ұстанымын, саясат пен экономикадағы реформалардың өз көзқарасын тұжырымдауды, сондай-ақ Қазақстанның өңірдегі және әлемдегі рөліне, оның «өркеніеттік орналасуына» көзқарасын қамтитын мәселелердің негізгі шеңберін қамтыды.

1997 жылы ҚР Президентінің халыққа екінші жолдауында Қазақстан–2030 Стратегиясы жарияланды. Стратегияда көзделген мақсат – ұлттық бірлікке, әлеуметтік әділеттілікке, бүкіл жұртшылықтың экономикалық әлауқатын жақсартуға қол жеткізу үшін тәуелсіз, гүлденген және саяси тұрақты Қазақстан мемлекетін орнату. Осы мақсатқа орай мынандай ұзақ мерзімді негізгі бағыттар бөліп көрсетілді: Ұлттық қауіпсіздік; Ішкі саясаттың орнықтылығы және қоғамның шоғырлануы; Шетелдік инвестициялар мен ішкі жинақ қаражаттың деңгейі жоғары болатын ашық Қазақстандықтардың денсаулығы, білім алуы және игілігі; Энергетикалық қорлар; Инфрақұрылым (көлік және байланыс); Кәсіпқой мемлекет орнату.

Қазақстан осы стратегиялық міндеттерді орындай отырып, 2030 жылға қарай дамыған елдердің деңгейіне жетуге, дүние жүзінің ең дамыған жиырма елінің қатарына қосылуды көздейтіндігі белгілі болды.

1998, 1999 2000 жж. Жолдаулар елдегі жағдай және ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын анықтаға, қоғамды демократияландыру, жаңа ғасырдағы экономикалық және саяси реформа жүзеге асыруға және жаңа ғасырдағы елдің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сонымен қатар еркін, тиімді және қауіпсіз қоғам орнатуға бағытталды.

Ал жаңа XXI ғасырға аяқ басқан Қазақстан алдында жаңа белестер мен бірге жаңа қауіп – қатаерлер күтіп тұрды.

Елбасының Жолдаулары осы бағытта жүзеге асатын жоспарларды, дағдарыстардың алдын алуға бағытталды.

2001 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Елдегі жағдай және ішкі және сыртқы саясаттың 2002 жылға арналды;

2002 жылғы Жолдау 2003 жылғы арналған негізгі бағыттары туралы ішкі және сыртқы саясаттың

2003 жолдау Жолдау 2004 жылға арналған негізгі бағыттары ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын қамтыды.

Ал 2004 жылғы Жолдауда Елбасы Н. Назарбаев ҚР бәсекеге қабілетті экономикаға, бәсекеге қабілетті ұлт мәселелеріне басты назар аударды.

Ол Қазақстанның 2000–2004 жж. і дамуы ұлттық экономиканы дамыту тұрғысынан сенім мен оптимизм қосты деп атап көрсеткен болатын. Қазақстанның 2000–2004 жж. жалпы ішкі өнімнің жынтықтық өсімі шамамен 50% – ды құрады. Қазақстан транзитті экономикасы бар мемлекеттердің арасында аршынды дамып келе жатқан елдердің бірі ретінде танылды.

Елбасының пікірінше 2003 жыл Индустриялық-инновациялық стратегияны іске асырудың бірінші жылы болды. Елімізде даму институттары құрылып, олар қазірдің өзінде өңдеуші салаларды жаңғыртуға нақтылы ықпал жасап отыр. Даму банкі жарты миллиард доллардан астам сомаға 20 инвестициялық жобаға кредит бөліп отыр. Инновациялық қор елдің алғашқы ғарыш спутнигінің құрылысын қаржыландыруға кірісті. Өткен жылы бес мұнай-химия кәсіпорнының қызметі қалшына келтірілді. Балқашта мырыш, Атырауда полиэтилен құбырларын шығаратын зауыттар, айлақ және Каспий теңізіндегі теңіз операцияларын қолдау инфрақұрылымы пайдалануға берілді. Қостанай дизель зауыты іске қосылды. Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің көптеген кәсіпорындарын жаңғыртып, қайта жаратқандыру жүзеге асырылды.

Сондықтанда 2005 жылғы Жолдауды Елбасы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» – деп атуы тегін емес еді.

2006 жылы Қазақстанның 50 дамыған мемлекеттер қатарына кіру мақсаты қойылды. Бұл мақсаттар 2006 жылғы Жолдауда анық көрінді. Жолдау «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» – деп аталды.

XXI ғасырдың алғашқы 10 жылдығы Тәуелсіз Қазақстан алдында жаңа мақсаттар мен міндеттермен қатар жаңа қауіп – қатерледі де қойды. Оны Қазақстан өзіне сенімді көшбасысымен бірге лайықты жеңе білді. Мәселен 2000 жылға қарай Қазақстан және әлем мемлекеттері жаңа қауіп қатарлерге тап болды. Олардың қатарында:

- халықаралық ланкестікпен күрес;
- 2007 әлемді жайлаған қаржы дағдарысы;
- елдің ішіндегі жемқорлықпен күрес;
- Ауғанстанмен байланысты Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселелерінің күрт шиеленісіп кетуі;
- 2011 жылғы АҚШ ланкестік оқиғаларының халықаралық күш ара салмағына әсері;

• «Араб көктемі» деген атпен белгілі болған Таяу Шығыс елдеріндегі революциялар ызғарының Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттеріне әсері;

• ТМД қамтығын «түрлі түсті» революциялар, олардың ішінде 2005, 2010, 2015, 2020 жж. Қырғызстандағы саяси төңкерілістер, 2015 жылғы Украинадағы революция, Таулы Карабахтағы ескі даудың Армения мен Азербайжан мемлекеттері арасындағы жаңа соғысқа алып келуі;

• қазіргі пандемия дергі.

Осы және т.б. саяси тұрақсыздықтар мен қауіп – қатерлердің бірден-бір себебі, мемлекеттегі саяси жүйенің, саяси партиялардың дағдарысы және ең бастысы олардағы саяси көшбасшының болмауы салдарынан туындап отыр. Ал Елбасы Қазақстанды Өзінің Көшбасшылық даналығының арқасында жаңа қауіп – қатерлерден алып шықты. Бұл шын мәнінде үлгі тұтарлық саяси басшылық. Сондықтанда 2007 – 2012 жж. Жолдауларда «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан», «Қазақстан халқының әлауқатын арттыру–мемлекеттік саясаттың басты мақсаты», «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға», «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу–Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері», «Болашақты бірге құрайық!» мақсаттары ммен міндеттеріне арналды.

Елбасының Жолдауындағы көрсетілген міндеттер Қазақстанның әрі қарай бағытын анықтап отырды. Жолдаулар мемлекетіміздің одан әрі дамуындағы үлкен бір белесті бастап беретін ауқымды бағдарлама болды. Ең бастысы жақын болашақтың бейнесін анықтап берді. Халықтың әл-ауқатын арттыру үшін



әлеуметтік-экономикалық жаңғыртуды қолға алу басты міндет етіп бекітілді. 20 жыл көлемінде елімізде қолға алынған әлеуметтік-экономикалық реформалар алдағы уақыттағы ауқымы кең, аса ірі жобаларды қолға алуға мүмкіндік берді. Осыны жүзеге асыру үшін жолдауларда ҚР басты даму бағыттары анықталып, үкімет пен жергілікті билік органдарына нақты тапсырмалар беріліп отырды.

Олардың қатарында: Халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету бағдарламасын іске асырудан толық ауқымды іске асыруға көшу; «Қолжетімді баспана» бағдарламасы; Шағын қалалар мен тұтастай Өңірлерді дамыту жөнінде шаралар жүзеге асыру; Мемлекеттік органдардың жұмыс сапасын жақсарту; Президенттік кадрлық корпус жақсарту; Сот және құқық қорғау жүйелерін жаңғырту; сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны жүзеге асыру; Білім беру және денсаулық сақтау жүйесін сапалы жақсарту; Зейнетақы жүйесін жетілдіру; жаңа индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыру; Ауыл шаруашылығын одан әрі дамыту жөнінде әртүрлі бағдарламалар әзірлеу және енгізу т.б.

Ал, 2012 – 2018 жж. Елбасының Жолдауларына сарптама жасайтын болсақ, ол өзінің әлеуметтік – экономикалық жаңғыру мен Қазақстанның даму бағытын анықтап отыр.

Мәселен: «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» (2014); «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» (2017); «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» (2018) Жолдаулар осының айқын дәлелі бола алады.

Қазіргі мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев Елбасының саясатын жалғастыра отырып, Қазақстанды алға жетелеп отыр. Бұл саясат ҚР Президенті Қ. К. Тоқаев 2021 жылғы 1 қыркүйегіндегі жолдауында айқын байқалады.

Президент пандемияның өршіп тұруына қарамастан, біз қазір пандемиядан кейінгі кезең туралы айтуға болатынын атап өтті. Қазір Қазақстанда экономикалық өсу мен алға жылжу байқалады, ал кейбір көрсеткіштер 2019 және 2020 жылдардағы көрсеткіштерден асып түсті.

Қ. К. Пікірінше пандемия қоғамды цифрландыруға түрткі болып, көптеген бизнес-үрдістерді қайта қарауға мәжбүр етті, адамдарды креативті ойлауға итермеледі. Сондықтанда Президент өз жолдауында

еліміздің даму стратегиясын айқындап берді.

Біріншіден, мемлекеттік қызметкерлердің жауапкершілігі мен шығармашылық белсенділігін арттыру үшін кең мүмкіндіктер ашу;

Бұл орайда, біздің ойымызша кәсіби біліктілік туралы заң қажет. Ол біліктілікті тану мәселелерін реттеп, қызметкерлерді құзыреттіліктерін жетілдіруге ынталандыруы тиіс. Жаппай цифрландыру интернет-платформалар негізінде жұмыспен қамтудың жаңа нысандарының ашылуына алып келді. Бұл салалар әлеуметтік және медициналық сақтандыру, салық салу тұрғысынан мемлекеттің көмегін қажет етеді.

Екіншіден, халықтың өмір сүру деңгейін арттыру мәселесі. Бұл жерде жалақы мен зейнетақыны көтеру, инфляцияны тежеу сияқты мәселелер туындайды. Президент биылғы Жолдауында инфляцияның монетарлық емес құрауыштары – ақша массасының қысқаруы емес, бағаның өсуін тежеу мәселесін орынды көтерді – деп санаймыз. Сарапшылардың пікірінше мемлекет басшысының тапсырмаларын сәтті орындау мемлекеттік басқарудың сапасына байланысты. Дарынды үкіметті құру оңай, талантты аудан әкімшілігін жинау қиын. Қазақстан – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан, қиын жағдайға тап болған азаматтарға жан-жақты көмек көрсету – басты міндеттердің бірі– деп атап өтті Президент.

Үшіншіден, маңызды стратегиялық бағыт болып, бейбіт атомды дамыту басты назарда. Қазақстанда 2030 жылға қарай электр қуатының тапшылығы пайда болады, осыған байланысты, жаңа энергия көздерін, сенімді базалық энергия генерациясы мәселесі өзекті. Әлемдік тәжірибеге қарасақ, мұның ең оңтайлы шешімі – бейбіт атом. Бұл – күрделі мәселе. Сондықтан қауесетке сеніп, эмоцияға берілмей, оны барынша тиімді шешуіміз керек – дей келе Президент Үкімет пен «Самұрық-Қазынаға» бір жылдың ішінде Қазақстанда қауіпсіз әрі экологиялық таза атом энергетикасын дамыту мүмкіндігін зерттеуге тиіс – деп атап өтті. Бұл өз тарапынан инженерлік саланы дамыту және атом саласындағы білікті инженер мамандардың жаңа буынын қалыптастыру міндеттерін қойып отыр. «Жасыл» сутегі өндірісі, жалпы сутегі энергетикасы – болашағы зор бағыттар.

Төртіншіден, өңірлердің қаржылық дербестігін арттыру мәселесі өзекті стратегиялық мақсат. Мәселен, 2020 жылдан бастап шағын және орта бизнес пен түсетін корпоративті табыс салығы жергілікті бюджетке берілді. Дегенменде бұл бағытта әкімдердің жергілікті бизнесті дамытып, инвестициялар мен салықтық базаны көбейтуге мәселесі өзекті болып отыр.

Бесіншіден, Президент Ұлттық ғылымның дамуына үлкен мән беріп отыр. Бұл орайда ұстаздарды моральдық және материалдық тұрғыдан ынталандыру және тұрмысы төмен отбасында өсіп жатқан балаларға орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты аясында қолдау көрсету саясаты айрықша маңызды. Ал, ғылым саласындағы гранттық қаржыландыру мерзімін бес жылға дейін ұзарту мәселесі ғалымдар арасында да кең қолдау тауып отыр.

Алтыншыдан, халықаралық қатынастар мен аймақтық қауіпсіздік мәселесі ҚР әлемдік қауымдастықтағы орнын анықтап отыр.

Президент Ауғанстандағы ахуал және жаһандық шиеленістің күшеюі бізге қорғаныс өнеркәсібі кешенін және Әскери докторинамызды толығымен қайта қарауға шақырды. Біз қорғаныс қабілетімізді нығайтып, қауіп-қатерлерге жедел үн қатуға басымдық беріліп отыр. Сонымен бірге сырттан төнетін қауіпті модельдеу айрықша өзектілікке ие болуға.

Қорытындылай Елбасының 1996 жылдан бастау алған және Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев жалғастырып отырған Қазақстан халқына Жолдаулар жоғарыда атап көрсетілген Стратегиялық құжат болып саналып, ҚР дамуының негізгі бағыттарын анықтап, елдің саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени даму мәселелерін басымдылық берумен ерекшеленеді. Оның ішінде денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру, азық-түлік бағасын реттеу, инфляцияны 4–6 пайыз деңгейіне қайтару, ауыл – шаруашылығындағы түйткілді мәселелерді шешу, ауыл шаруашылығы жерлерін шетелдіктерге және олардың қатысы бар компанияларға сатуға және жалға беруге біржола тыйым салынуы, ауыл шаруашылығын субсидиялау саясатын өнеркәсіп саласындағы мемлекеттік саясатпен ұштастыру, «Дені сау ұлт» жобасы жүзеге асыру, ең төменгі жалақы деңгейін қайта қарап, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақыны көтеру туралы шешім қабылдануы, бірыңғай тұрғын үй бағдарламасының орындалуына бағытталған шаралар шын мәнінде Қазақстанда мықты мемлекет құру үшін айрықша маңызды болып отыр.

Сапанов Сайпулла Жұмабайұлы,
тарих ғылымдарының докторы,
халықаралық саясаттанушы, сарапшы



30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ: ДОРОГУ ОСИЛИТ ИДУЩИЙ

У каждого государства есть свои знаменательные веки. Для современного Казахстана точкой отсчета считается 16 декабря 1991 года. За это время в стране произошли крупномасштабные государственные преобразования. Свыше 120 стран официально признали и установили дипломатические отношения с Казахстаном.

Казахстан является полноправным и активным членом ООН, а также укрепляет сотрудничество с наиболее влиятельными международными организациями, такими как: Евросоюз, Европейский Банк Реконструкции и Развития, Международный Валютный Фонд, МАГАТЭ, Красный Крест, ЮНИСЕФ и ЮНЕСКО. Казахстан присоединился более чем к 40 многосторонним и 700 двусторонним соглашениям и договорам. Если этот период сузить до масштабных событий одного университета, то можно наглядно понять, что было сделано, каких достижений добились. Атырауский университет за 30-летний путь Независимости превратился в многоцелевое разнопрофильное образовательное учреждение. Был существенно расширен корпусной состав, улучшена материально-техническая база, увеличено количество специальностей. Все факультеты университета переориентированы на выпуск кадров, соответствующих требованиям заказчиков и работодателей. Атырауский университет сотрудничает со многими учебными заведениями ближнего и дальнего зарубежья. Например, преподаватели факультета полиязычного образования находятся в тесном связи с Московским Государственным лингвистическим университетом им.М.Тореза (г.Москва, РФ), Калмыцким Государственным университетом им. Б.Городовикова(г.Элиста, РФ), Оренбургским государственным университетом (г.Оренбург, РФ), Тверским государственным университетом (г.Тверь, РФ) и др.

Я работаю в университете с 1984 года, с момента окончания Казахского Государственного университета. Работа на факультете полиязычного образования очень интересная и бурная. Сам факультет имеет долгую историю и был создан на основе факультета мировых языков и филологического факультета. На этих

факультетах работали настоящие профессионалы: Л.И.Белый, Э.С.Афанасьев, Г.Г.Гельманов, В.Г.Денисова, А.А.Адрисова, Т.Н.Политова, Н.П.Коньсова, Л.М.Жегулина, С.Н.Корсунский, Л.Н.Донскова, Р.С.Гильманова, Н.П.Кравченко, К.У.Жусуп, А.Т.Садыкова, С.К.Казыбаев, С.К.Кенжегалиева, М.Б.Куркутова, М.Г.Гиляева, Т.Г.Темиргалиев, В.А.Леонина, Р.Н.Назкенова, Н.Г.Абазова, А.Ж.Капакова, Д.Г.Ингамова, М.К.Кожаметова и др.

Выдвижение казахского языка на место государственного языка, введение трехязычия и осознание того, что Казахстан является многонациональным полилингвальным обществом привело к трансформации лингвистического образования для всех университетских специальностей. Языковое знание становится все более востребованным и ценным инструментом на рынке труда. Поэтому сбалансированное владение тремя языками необходимая составляющая компетенция профессионального образования.

Студенты Атырауского университета имеют возможность заниматься в лингвистическом кабинете на языковых занятиях. Благодаря усилиям руководства в текущем году установлено современное лингвистическое оборудование, которое позволяет осуществить постановку произношения изучаемого языка от уровня допустимой аппроксимации до уровня носителей языка. Компьютерные классы факультета обеспечивают обучаемых и преподавателей неограниченными ресурсами Интернета по всем учебным предметам. Уместно вспомнить, что раньше пользовались только бумажными носителями в виде учебных пособий и словарей, а из технических средств доступны были грампластинки и магнитофоны. Цифровой прогресс в

преподавании языков достиг раздвинул пространство, убрал барьеры и привнес новые, поистине фантастические возможности. Однако роль преподавателя осталась важной в учебном процессе. Каждый преподаватель получил возможность опубликовать свои научные труды в виде статей, монографий в зарубежных изданиях, участвовать в конференциях в вузах республики и других странах.

Стоит упомянуть, что как преподаватель факультета полиязычного образования вместе со студентами использую единственную в Казахстане экспериментальную площадку EnglishOnlySpace(EOS), состоящую из 12 студий, воссоздающих естественную атмосферу для англоязычного общения. Студенты всего университета могут проводить в EOS разнообразные учебные, научные и воспитательные мероприятия. EOS помогает развить стойкий интерес к лингвистической дисциплине у студентов неязыковых специальностей. Ведь у них всего три занятия в неделю, только 2-3 семестра в зависимости от профиля студенты обучаются казахскому, русскому и английскому языкам. За это время необходимо вывести разноуровневых студентов до уровня подготовки к осуществлению будущей профессиональную коммуникацию на английском языке.

На факультете полиязычного образования разработан целый комплекс мероприятий, посвященных празднованию 30-летия Независимости Казахстана, в которые вошли мероприятия, разработанные и подготовленные мной. И эти мероприятия не являются собранием для восхваления руководителей страны и данного учреждения. Все мероприятия имеют научный и воспитательный характер. 5 октября был проведен круглый стол для учителей школ и преподавателей вузов «Языковое образование в школе и ВУЗе: новые подходы в преподавании». Во время круглого стола разбирались вопросы текущего состояния языкового образования в школе и вузе и новые подходы в преподавании языков; потенциал-

ные социальные угрозы, которые могут быть вызваны недостаточной языковой подготовкой; возможности расширения взаимодействия между школой и вузом для улучшения языкового образования. Для студентов и магистрантов университета 29 октября была организована научно-практическая конференция «Life long learning process». Она была нацелена на формирование сознательной потребности в постоянном профессиональном и личностном развитии будущих выпускников университета. Кроме того, в рамках научной школы факультета «Межкультурная коммуникация: диалог культур на стыке цивилизаций» с 26 по 29 октября организованы открытые онлайн лекции преподавателей Калмыцкого государственного университета им.Б.Городовикова, рассматривающие проблемы межкультурной коммуникации, переводоведения, внедрения УДЕ (укрупнение дидактических единиц) и другие педагогические проблемы. 12 октября проведен межвузовский фестиваль «Золотая осень», предназначенный для расширения межвузовских связей и раскрытия талантов студенческой молодежи на международном уровне.

Таким образом стараюсь внести свой вклад в развитие Атырауского университета имени Х. Досмухамедова, потому что хочу, чтобы мой университет как учебное заведение высшего образования соответствовал международным требованиям и удовлетворял запросы студенческой молодежи, стремился раскрыть ее творческий потенциал, улучшал профессиональную подготовку, благодаря которой каждый выпускник сумел найти достойное место в избранной специальности и способствовал процветанию нашего независимого государства.

К.Т.БАЙНИЕВА
Кандидат филологических наук, доцент
кафедры Переводческого дела и иностранные языки факультета Полиязычного образования

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЕТЕЛДЕГІ БІЛІМ КҮНДЕРІ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Қазақстанның Өзбекстандағы дипломатиялық қызметтерінің қолдауымен «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ Ташкент қаласында 2021 жылдың 28 қарашасында ұйымдастырған «Қазақстанның шетелдегі білім күндері» атты көрме ұйымдастырылды.

Көрмеге Х. Досмухамедов атындағы университеттің университеттік қызметкерлері де қатысқан болатын. Басқосу барысында талапкерлерге, ЖОО студенттеріне университет туралы ақпарат берілді. Ата-аналар, мектеп директорының орынбасарлары, консалтингтік орталықтардың, Белоруссияның Software Development Company/iTechArt компаниясының өкілдері қызығушылық танытты.

Сонымен қатар, көрме аясында 29 қараша - 1 желтоқсан арасында Ташкент және Самарқанд қалаларында орналасқан Топ-1000 ЖОО-дарының

қатарына кіретін, өзіндік тарихтары бар, 6000-нан 34000-ға дейін студенттерді қамтыған 6 жоғары оқу орнының ректорлары, проректорларымен және стратегиялық даму, халықаралық байланыс департаменттерінің қызметкерлерімен кездесіп, Университетті таныстырды.

Кездесу барысында білім алушылар, профессорлық-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлықтары, екі дипломдық білім беру және бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеумен қатар, ғылыми тұрғыдағы байланыстар жайлы сұрақтар талқыланып, нәтижесінде Ташкент химия-технология институты, Өзбекстан мемлекеттік әлем тілдері университеті, А.Новаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, И.Каримов атындағы Ташкент техникалық университеті, Самарқанд мемлекеттік университеті, Самарқанд мемлекеттік экономика және сервис институттарымен екіжақты келісім-шарттарға қол қойылды.



...Мектепті бітірген жылы оқуға түсе алмай, бір жыл ауылда жұмыс жасап, 1986 жылы бала кезден арманым болған сол кездегі республикамыздағы маңдай алды С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, студент атандым. Сол сәт менің қуанышым қойныма сыймай, ауылымызға барып жылы киімдерімізді алып, 1 курсқа қабылданған 70 шақты студент ауылшаруашылық жұмысына, Алматының іргесінде орналасқан Горький Гигант ауылындағы жеміс бағына аттандық. Кілең жалынды жастар көкірегіміз қуанышқа толы, алдымызда жарқыраған асқақ армандар, жастық жалынмен алма, алмұрт, шабдалы, өрік теруге де кірісіп кірістік. Қазақстанның түпкір-түпкірінен жиналған студенттердің арасында жас шамамыз да әртүрлі, алдымыз 30 жаста болса, соңымыз 17 жаста. Алайда, бәріміз бұрыннан бір-бірін білетін құрдастардай

толғандырып жүрген мәселелер айтылды. Сол күні түнімен Алматыдағы басқа да оқу орындары мен жұмысшы жастар жатақханалары ұйықтамады десе де болады. Оның ішінде белсенді жастар «ертең орталық алаңға барып, өз ойымызды білдірейік» деп үндеу жариялапты десіп жатты. Ертесіне сабақтан шыққан соң, бөлмелес құрбым Пернешева Гүлмира екеуіміз Пушкин атындағы Орталық кітапханаға барамыз деп шығып, орталық алаңнан бір-ақ шықтық. Барсақ, алаң толы жастар, біз де солармен бірге Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әнін қосыла шырқай жөнелдік. Алғашында бәрі бейбіт түрде өтіп жатты. Бір кезде мінбеге бір кісілер шығып, тараңдар, қайтыңдар, республикаға басшыны Мәскеу тағайындады, бәріміз бағынамыз деген мәнде сөйлеп жатты. Сол мезет жастар жағы айқайлап «біздің көсеміміз

ӘЛІ ЕСІМДЕ ЖЕЛТОҚСАННЫҢ ЫЗҒАРЫ

1986 жылғы желтоқсан оқиғасы қазақтың басы бірігіп, жұдырықтай жұмылған әрі бақытты, әрі қайғылы күн еді...

болып тез тіл табыстық. Дегенмен, мектепті жаңадан бітіріп келген кей жастарға ойлы-қырлы тау бөктерінен жеміс жинау оңайға соқпады. Әсіресе, биік талдардағы жемістерді бүлдірмей жинап, жәшіктерге ұқыптап салып, күн сайын өзімізге тиісті берілген норманы орындап, жасаған жұмысымыздың нәтижесін көрсетіп, кейде оны артығымен орындап, бригадирге өлшеп тапсырып жүрдік. Сол кездегі адам бойындағы адамгершілік тіптен басқаша болатын. Айталық, жасы үлкендер жасы кішілерді қамқорлап, бір үйдің балаларындай өте тату өмір сүдік. Қызықты күндер әп сәтте зулап өтіп, ауылшаруашылық жұмысында бір айдай болып, қыркүйекте оқу орнымызға кері оралдық. Шіркін, КазГУ қалашығының өзі Алматының ең әдемі жерінде орналасқан, айналасы жайқалған гүлдер мен сан алуан ағаштарға көмкерілген ғажап жер ғой.

Арада студенттік күндер басталып, оқуға да кірістік. Сөйтіп күндер жылжып өтіп, желтоқсан айы басталды. Біздер болсақ бір топ студенттер күндегі әдетімізше жатақханада алаңсыз күнделікті сабаққа дайындалып отырғанбыз. Бір кезде өзімізбен бірге оқитын бір курстасымыз келіп «Естіңдер ме, Қазақстан Орталық Комитетінің пленумы болып, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты орнынан алып тастап, оның орнына қазақ халқы туралы еш хабары жоқ, Қазақстанды білмейтін В.Колбин деген сайланғанын радио-дан естіңдер» деді. Сол-ақ екен, қураған шөпке тиген оттай жатақхана іші дуылдай жөнелді. Ол кезде кәзіргідей байланыс құралдары жоқ болса да, көрші жатақханадағы студенттер келіп, өз ойларын айта бастағанынан-ақ жастардың сана-сезімдерінің қаншалықты жоғары екені байқалды. Ұлт саясатының дұрыс жүргізілуін, ұлттық тіл мен мәдениеттің дамуы, ұлттық кадрлардың басшы болуы және де басқа да жайлар мен бәрімізді

В.И.Лениннің «Әр ұлттың өз басшысы болу керек» деген сөзін хормен айтты. Айналасы бір сағаттың ішінде алаңда түрлі ұрандар айтылып, «біздер тарамаймыз, Қонаевтың өзі алаңға шығып жағдайды айтсын» деген жастардың даусы жер-жерді жаңғыртты. Уақыт түнгі сағат 11 шамасы болғанда Гүлмира екеуіміз жатақханаға кері қайттық. Келесі күні сабаққа барсақ университет іші кешегіден бетер дүрлігіп тұр екен. Ұстаздарымыз да біздерге ештеңе ашып айтпаса да, жанарларынан жастарды қолдайтынын аңғардық. Бұл бәрімізге күш бергендей көтеріңкі көңілмен жатақханаға қайттық. Тұсқайта Гүлмираға бір кісілер келіп, «ешқайда шықпа, әкеңіздің сөзін жеткізіп тұрмыз» депті. «Енді бармаймыз, арты жаман болады» деді Гүлмира. Бір кезде есікті қағып, Перизат деген курстасым келді. Екеуіміз кешегі алаңда болған оқиғаны жарыса айттып, «барайық» деп шештік. Бір мезет Гүлмира жуынуға кеткен бойда бойымызда ұлтымызға, елімізге деген намыс кернеп, екі құрбы алаңға қарай құстай ұштық. Барсақ орталық алаң кешегіден бетер жастарға толып, ине шаншар жер жоқ болып тұр екен. Ақ жаймаларға жазылған ұрандар қаптап кеткен. Осылайша күн кешіріп, қас қарая қақтығыс басталды. Алдымен тастар лақтырылды, содан соң өрт сөндіретін машиналар жиналған жастарға қарай суық су шашты. Қым-қуат жағдайлар белең алып, солдаттар жиналғандарды жан-жақтан тықсырып, ұстауға көнбегендерді өкшелей қуа жөнелді. Әр жерден жанған машиналар мен дауыстары дірілдеп, соққыдан қансыраған жастардың өз еліне деген өжеттіктері онан сайын күшейе бастады. Ер балалар қыздарды қорғаштап, Байланыс техникумы жаққа қарай ығыстырып шығарды да «Сендер тезірек тасалармен қашыңдар, қарындастар. Әйтпесе мына



жендеттер біздерді аямайтын түрі бар» деп айқайлады. Осыдан соң бір топ қыз болып, жан сауғалап жүгіріп, бір үйдің подьезіне барып тығылдық. Бізді күтіп тұрғандай бір қазақ ағай есігін ашып бәрімізді үйіне кіргізді. Шамалыдан соң мен Перизатқа сыбырлай сөйлеп, «бұл арадан кетейік, неде болса өзіміздің жатақханамызға жетіп алайық» дедім де үйіне кіргізіп қамқорлық танытқан ағамызға рақмет айтар айтпастан, есікті ашып жүгіре жөнелдік. Екеуіміз бұқпантайлап үйлердің арасындағы жарық жоқ жерлермен, әр бұта, ағаштың тасасына тығыла отырып 5 сағат дегенде жатақхананың маңына да іліктік. Үстіміз болса малмандай су, бойымыз да суықтан тоңазып, еріңдеріміз бір-біріне тимей дір-дір етеді. Сол сәт менің ойыма 8 сыныпта жүргенде оқыған майдангер, батыр жазушы Қасым Қайсеновтің «Партизандар соқпағы» кітабы ойыма орала берді. Өз-өзімді «қорықпа, бейбіт күнде өз еліңде жүрген жоқсың ба, ана партизандардың қасында бұл ештеңе емес» деп бойыма күш беріп, жігерімді жанығаным әлі есімде. Айта берсем көп қой... Бұл жазған естелігім

сол жылғы желтоқсан ызғарының бір ғана көрінісі. Иә, одан соң студенттерді қудалаулар басталды. Ол біз үшін ешқашанда ұмытылмас өте ауыр күндер еді. Сол жылы Гүлмираның әкесінің қамқорлығының арқасында (әкесі беделді азамат болды) оқудан шығып кетпей аман қалдық. Менің жолдасым да ел егемендігін сақтау жолында желтоқсанға қатысқандардың бірі болды.

Арада жылжып жылдар өтті. Біз де жоғарғы оқу орнын ойдағыдай бітіріп, туған өлкемізге оралдық. Жазықсыз жапа шеккен кейбір жастарымыз кейін ақталды. Гүлмира болса кәзір үлкен белді кәсіпкер. Перизат Қазақстан Республикасы Парламентінің сенатында жауапты қызметте. Енді міне биыл еліміздің өз тәуелсіздігін алғанына да аттай 30 жыл өтіпті. Сол бір желтоқсанның ызғарын енді қайтып ешкім көрмесін. Бейбітшілікті аңсаған тәуелсіз мемлекетіміз жарқын болашаққа қадам баса берсін!

Нұрасила АТАХАНОВА,
«Көптілді білім беру» факультетінің
«Қазақ тілі және әдебиеті»
кафедрасының аға оқытушысы

«ЗАПАСТАҒЫ ЛЕЙТЕНАНТ» ҚАТАРЫ ТОЛЫҚТЫ



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30-жылдығына орай 9 желтоқсан күні Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Әскери кафедраның 2020 жылғы түлектеріне «запастағы лейтенант» әскери шені берілуіне орай салтанатты кеш өтті.

Шараға Ауған соғысының, Тәжік-Ауған шекарасындағы қақтығыстарына қатысқан ардагерлер, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің әскери кафедраның профессорлық-оқытушы құрамы, студенттер қатысты. Қазақстан Республикасы Конституциясының 36-шы

бабында: «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті» деп көрсетілген. Бүгінде елімізді қорғау офицерлер қатары күн санап толығып отыр. Оған куә қазіргі салтанатты шараның иегерлері – «запастағы лейтенант» шенін алғалы отырған әскери кафедра түлектері болатын.

Кеш барысында әскери кафедра оқытушысы, запастағы майор Гүлнар Қалиқызы алғашқы құттықтау сөзін Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы-ректор Саламат Нұрмұханұлына жолдады.

Сонымен бірге ҚР Қарулы Күштері Министрінің әскери кафедраның 2020 жылғы түлектеріне «запастағы лейтенант» шенін беру туралы бұйрығына сәйкес әскери погондарды табыстау рәсімі өткізілді. Айтулы басқосуда Атырау облысы бойынша Ауған соғысы ардагері Құндызбай Орынбасарұлы, Тәжік-Ауған шекарасында жауынгерлік қимылдарға және әскери қақтығыстарына қатысқан ардагер Қанат Тастанұлы және бүгін ғана «запастағы лейтенант» атағын алған әскери кафедра түлегі Нұртай Алтайұлына жылы лебіздерін жеткізді. Салтанатты шара Қазақстан Республикасы Ұлттық Ұланы 5546 әскери болімінің 3 класс сержанты Рауан Нұрғалиұлы дирижерлық еткен әскери оркестрдің мерекелік концертіне

ұласты. Сондай-ақ, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің әскери кафедрасының бастығы запастағы әділет подполковнигі Серік Әкірұлы сөз сөйлеп, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы-ректор Саламат Нұрмұханұлы атынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Ұланы 5546 әскери бөлім командирі подполковник Манат Қасымбекұлына, осы әскери бөлімнің әскери оркестріне, Атырау облысы бойынша Ауған соғысы ардагерлерінің бірлестігі мен Тәжік-Ауған шекарасында жауынгерлік қимылдарға және әскери қақтығыстарына қатысушылардың Республикалық қоғамдық бірлестігі Атырау облысы бойынша филиалының ұжымына алғыс хаттар берілді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев жастарға арнаған бір сөзінде: «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, адамзаттық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп, еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!», – деген еді.

«Запастағы лейтенант» атағын алған түлектерімізге ақ жол тілеп, еліміздің бейбіт те тыныш өмір кешу жолында арқашан аянбай қызмет атқара беріңіздер дей отыра, Отанымыздың тәуелсіздігі тұрақты, тұрғы берік болсын деп тілегімізді қостық.

ТӘУЕЛСІЗДІК ПСИХОЛОГИЯСЫ

Халқымыздың әлеуметтік-экономикалық, білім мен мәдениет, танымдық рухани жағынан дамып өркендеуі тәуелсіздіктің басты көрсеткіші дер едік. Бұл егемендік алған жылдарда қандай қиын кездерді бастан кешірсе де, ғаламдық деңгейде бәсекеге қабілетті ұлттық ғылымымыздың даму жолы. Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесін тойлау қарсаңында университетіміздің Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында құрылған психология кафедрасының қол жеткен жетістіктерімен бөлісуді жөн санадық.

Тәуелсіздік жылдарында құрылған психология кафедрасының негізгі міндеттерінің бірі қоғамға, білім беру саласына қажетті «Психология», «Педагогика және психология» саласы бойынша кәсіби жаңа мамандар даярлау, кафедраның ғылыми потенциалын көтеру, кафедра құрамын психолог педагог мамандарымен қамтамасыз ету, кәсіби білім беруді жетілдіру болатын. Қазірде бұл жұмыс одан әрі жалғасып, кафедра облыс, қала көлемінде жұмыс беруші мекемелермен бірлесіп кәсіби мамандар даярлау бағытында жұмыстар атқарып келеді.

Психология кафедрасының даму тарихына көз жіберер болсақ, оны бірнеше кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Бірінші кезең. 1991–2000 жылдарда психология кафедрасы педагогика кафедрасынан бөлініп, университеттің қоғамдық кафедраларының бірі ретінде құрылды. Сол кезде кафедра меңгерушісі доцент Г.А. Айдаралиев, кейін С.Қ. Нұрмақашева (1991–1999) желтоқсанға дейін басқарды. Университет көлемінде қоғамдық кафедралардың бірі ретінде университеттің барлық мамандықтарына «Жалпы психология», «Жас ерекшеліктер және педагогикалық психология», «Жалпы және құқықтық психология», «Өзін өзі тану», «Балалар психологиясы» атты пәндерден дәріс практикалық сабақтарды сапалы өткізу, профессор оқытушылар құрамының ғылыми дәрежесін көтеру, жаңа мамандықтар даярлау кезеңі болды.

Екінші кезең. 2001–2010 жылдар аралығында да кафедра ғылыми әлеуетті көтеру, білім беру бағдарламасының мазмұнын жаңарту, жаңа «Дефектология» мамандығын ашу, білім беруде инновациялық технологияларды пайдалану кезеңі.

Үшінші кезең. 2011–2021 жылдар аралығы. Кафедраны 2014 жылдан күні бүгінге дейін Г.Қ. Шугаева басқаруда. Бұл кезеңде кафедра инновациялық дамуға бейімделу, еңбек нарығына орай бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауда білім беру бағдаламаларын даяр-

лау және оны жұмыс беруші мекемелермен бірлесіп әзірлеу, академиялық ұтқырлық курстарын ұйымдастыру, кафедра оқытушыларының біліктілігін жетілдіру, кафедра жанынан зертханалық кабинет ашу, ғылыми жобалар әзірлеу және өзге де мәселелерді шешті.

Аталмыш үш кезеңге кеңірек көз жіберейік.

Тәуелсіздіктің 10 жылдығында психология кафедрасының біршама оқытушылары ғылыми жұмыстарын жетілдіру мақсатында аспирантураға түссе, енді бірі ізденуші болып бекітілді. Солардың алғашқыларының бірі болып қазіргі кафедраның қауымдастырылған профессорлары (сол кездегі аға оқытушылары) С.К. Нұрмақашева Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми зерттеу институтының күндізгі бөлім аспирантурасын бітіріп, 1993 жылы педагогика, педагогика тарихы және этнопедагогика бағытында, Ж.Н. Сабирова 1990–2000 оқу жылында Аль Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің психология мамандығы бойынша ізденушісі болып, 2005 жылы психология және этникалық психология бойынша кандидаттық диссертацияларын сәтті қорғады.

Бұл жылдары психология кафедрасының басты жетістіктерінің бірі 1994–1995 оқу жылында «Психология» және «Педагогика және психология» мамандықтарын ашып, алғаш рет өндіріске, құқық қорғау, медицина салаларына және өзге де мекемелерге кәсіби психологтар даярласа, білім беру саласына педагог психологтар әзірленді.

Кафедра құрамы сол кездің өзінде психолог мамандармен толықтырылды. Мәселен, Саратов университетінің әлеуметтік психология мамандығын бітіруші Г.Т. Еркинбаева, Ресейден келген жас маман Т.Гудкова және өзге де психолог мамандар психологтарды, педагог психологтарды даярлауға өз үлестерін қосты.

1999 жылы кафедра психология мамандығы бойынша бірінші түлектерді шығарды. Тәуелсіздік жылдарында білім алған «Психология» мамандығының алғашқы қарылғаштарының бірі бүгінде магистр аға мұғалім Г.М. Мусина кафедраның негізгі маман кадры. Кафедра дайындаған мамандар Батыс өңірінің біршама салаларында өз мамандықтары бойынша еңбек етуде.

Тәуелсіздіктің екінші он жылдығында, яғни 2001–2010 жылдар аралығында кафедраның ғылыми потенциалы одан әрі көтерілді. Мәселен, 2002 жылы аға мұғалім А.Е. Қаженбаева академиялық доцент атағын алса, осы жылы кафедраға ҚазҰПУ түлегі бүгінде бірінші санатағы ло-

гопед Ж.С. Бекжанованың келуі дефектолог мамандығын ашуға негіз болды.

2005 жылы ҚазҰПУ психология мамандығының екінші бір түлегі А.Қ.

Өмірзақова Ахмет кафедра қатарын кәсіби маман ретінде көбейтті. 2006 ж. қазіргі кафедра меңгерушісі, аға мұғалім Г.Қ. Шугаева, 2004 ж. А.А. Фалеева,

2008 ж. А.Қ. Ризуанова педагогика саласы бойынша кандидаттық диссертацияларын қорғады.

Болон процесінің негізінде университет екі деңгейлі модельге көшуіне байланысты кафедра ұжымы бұл бағытта атқарған және атқарылып жатқан жұмыстары айтарлықтай.

Тәуелсіздіктің үшінші он жылдығына орай (2011–2021) 2014 жылы кафедра жанынан «Кәсіби білім беруде психологиялық педагогикалық технологиялар зертханасы, оның филиалдары №2 Ж.Нәжмеденов, №6 М.Мөңкеұлы атындағы мектептерде ашылып, кафедра ҚАЗЖ департаментінің провация бөлімдерімен байланыс орнатып, аталмыш мекемелердің сұраныстары бойынша жазасын аяқтай өтеп жүргендермен және жазасын өтеп жатқандармен біршама психологиялық шаралар жүргізсе осы типтес жұмыстар №546 ұлттық Ұлан әскери бөлімінде де жүргізілді.

Кафедра жұмысының басты жетістіктерінің бірі «Педагогика және психология» мамандығы бойынша 2010 жылы магистратура ашып, магистрлер даярлауды қолға алды. 2015 жылы кафедраның аға оқытушылары Г.М. Мусина, Т.Ж. Бисенбаева, Н.Б. Қарабаева, Ш.Н. Бисенова, В.С. Турегалиева «Педагогика және психология» мамандығын бітіріп, магистр деген атақа ие болды. 2018 жылы республикалық «Үздік педагог» атағын қауымдастырылған профессор Ж.Н. Сабированың именденуі кафедра жетістігі болса, кафедра құрамы практик психолог мамандарымен толықтырылды. Солардың бірі мектеп психологы А.Е. Сұлтанғалиева.

Сапалы білімді практик бакалавриаттарды даярлауда кафедра ұжымы тынымсыз еңбек етіп келеді. 2020–2021 оқу жылында психология, педагогика психология, дефектология мамандықтарының күндізгі бөлімінің 1-курсина 78 студенттерді қабылдауының өзі кафедра ұжымының кәсіптік бағдар беру жұмыстарының нәтижесі.

Тәуелсіздіктің 30 жыл толу қарсаңында кафедра шетел ғалымдарымен байланыс орнатып, қараша айының 28-де Туркияның Ақдениз университетінен шақырылған профессор Suat Kolukirk студенттерге және кафедраның профес-

сор оқытушыларына дәріс практикалық сабақтар жүргізіп, тәжірибе алмасты.

Сонымен қатар «BILIM-ORKENIET» Ұлттық инновациялық ғылыми зерттеу орталығы ұйымдастырған «Қоғам белсендісі Үздік көшбасшы 2021» атты республикалық байқауға қатысқан педагогика және психология мамандығының 4 курс студенті Мырзабек Нұрай жеңіске жетсе, 2021 жылғы 4 желтоқсанда «Цифрлық дәуірдің болашақ мұғалімдері» атты университетішілік конкурста «Ерекше балаларды түзету» атты жобаны ұсынушы топ яғни дефектология мамандығының 3 курс студенттері А.Асхатова, Д.Берікқызы, Д.Дерманова, А.Жұмағалиева, Н.Жүнісова 1-орынды жеңіп алып, кафедра ұжымының мәртебесін көтерді.

Кафедра ұжымының басты жетістіктерінің бірі – ерекше балалар мен дарынды балаларға психологиялық педагогикалық логопедиялық қолдау көрсету мақсатында «Дарын» инклюзивизмді ресурстық орталықтың және ардагер ұстаз Г.А. Айдаралиев атындағы аудиторияның ашылуы.

Кафедраның профессор оқытушыларының міндеттерінің бірі кәсіби білікті мамандар даярлауда модульдік білім беру бағдарламаларын дайындау, монография, оқулықтар, оқу әдістемелік құралдар әзірлеу және оларды шығару, Web of Science, Scopus базасына енетін халықаралық рецензияланатын журналдарға мақалалар беру болса, бұл бағытта да кафедра ұжымының тарапынан біршама жұмыстар атқарылды. 2020–2021 оқу жылында кафедраның магистранты, аға оқытушы Қ.О. Қазиев PhD докторы атағына ие болды.

Кафедра ұжымы қонақ дәріс сабақтарын өткізуді бірінші қолға алған кафедралардың бірі. Психология ғылымдарының докторы, профессор О.С. Саңылбаев (Тұран университеті), профессор С.П. Тенеряднова (Санкт Петербург), п.ғ.д., профессор А.Е. Ризабекова (Л.Н. Гумилев университеті) және өзге де ғалымдармен, тәжірибелі мамандармен бірлесіп, түрлі әдіс тәсілдермен қонақ дәрістерін өткізу дәстүрге айналды.

Тәуелсіздіктің 30 жыл мерекесі қарсаңында психология, қазіргі психология және арнайы білім беру кафедрасының жеткен жетістіктері ұжымының жауапкершілікпен атқарған тынымсыз ізденісі еңбегі деп санаймыз.

Салима НУРМУКАШЕВА,
Психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры, п.ғ.к.

АТАЖҰРТТЫҢ АМАНАТЫ АҚТАЛДЫ...



26 қараша күні Атырау қалалық орталық кітапханада «Атажұрттың аманаты» атты Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Т.Амандосов атындағы облыс әкімі сыйлығының иегері, Атырау облыстық Бас редакторлар клубының төрағасы, «Дендер» газетінің бас редакторы Жанай Исламғалиұлы Амантурлиннің «Алағөбең» атты кітабының таныстырылымы өтті.

Шараға Қазақстанның Құрметті журналисі Төлеген Берішбай, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Құрметті профессоры Төлеген Жаңабайұлы, «Сарайшық» журналының бас редакторының орынбасары Нұрым Ерғалиев, Махамбет Өтемісұлы атындағы Атырау облыстық академиялық драма театрының көркемдік жетекшісі, режиссер Темірбек Мұхтаров және бас суретшісі Мұқанғали Томанов, Ден-

дер ауданынан кітап авторының әріптестері, достары қатысты. Пікірлер мен құттықтауларды әдемі домбыра үні жалғады.

Шығармашылық жиынға Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің студенттерімен бірге Басқарма аппаратының басшысы Гүлфайруз Қайырғалиева қатысып, университет ректоры Саламат Нұрмұханұлы Идрисовтың құттықтауын табыс етті.

«Алағөбең» кітабы белгілі кәсіпкер Мұрат Сармановтың демеушілігімен жарық көрген. Жолжазбалар, хикаяттар, тарихи шежірелер, очерктер жинақталған кітап-оқырман қауымға жол тартып, лайықты бағасын алады деген сенімдемиз.

Индера ГИМРАНОВА,
Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің журналистика мамандығының 3-курс студенті

ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМНІҢ БЕРЕРІ МОЛ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің ұйымдастыруымен «Физика – математика ғылымдарының қазіргі білім беру кеңістігіндегі рөлі» атты дәстүрлі VI Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтті.




Конференцияға Ресей, Алтай Республикасы, Туркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Украина мен Польша елдерінің ғалымдары онлайн түрде қатысты және 300-ге жуық мақала түскен. Ғылыми жиынды Атырау университетінің Басқарма төрағасы – ректор Саламат Нұрмұханұлы ашып, «Конференция жұмысы барысында ұсынылып, талқыланатын баяндамалар, айтылатын ой-пікірлер еліміздегі білім, ғылым саласын ғылыми негізделген, озық үлгіде дамытып, жаңа технологиялық әдістерді қолдануға серпіліс беретін толымды табыстардың бастауы болсын, – деген ізгі тілегін білдіріп, конференция жұмысына сәттіліктер тіледі. Пленарлық мәжілістен кейін «Физика-математика ғылымдарының өзекті мәселелері», «Аймақтағы IT-саланы

дамыту: енгізулер мен нәтижелер», «Білім берудегі инновациялық технологиялар» тақырыбында 3 бағыт бойынша секциялық жұмыстар жүргізілді. Басқосу барысында Нью-Йорк университетінің қауымдастырылған профессоры, Ph.D Нурхат Нураже баяндама жасап, күн энергиясын пайдаланып, сутегі энергиясын шығару туралы жоба барысынан хабардар етті.

Физика-математика ғылымдары мен ақпараттық технологиялардың өзекті мәселелері бойынша өткізіліп отырған бұл конференцияның мақсаты – еліміздің ғылыми мен ғылыми әлеуетінің даму жолдары туралы пікірталасқа алыс, жақын шетелдердің ғалымдарын, докторларын, магистрлерін, ЖОО оқытушыларын, жас ғалымдарын қатынастыруға арналған.

ШЕТЕЛДІК ПРОФЕССОРЛАР УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ

Білім алу-жылдар бойғы қажырлы еңбекті, үлкен ізденісті талап етеді. Бұл бағытта қазіргі замануи жетістіктерге сай болашаққа білімді жастар тәрбиелеу үшін біздің елімізде де ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Соның дәлеліндей, Білім мен ғылым министрлігінің «Шетелдік ғалымдарды Қазақстанның жоғарғы оқу орнына тарту бағдарламасы» аясында қараша-желтоқсан айларында Түркия университетінің профессорлары Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне арнайы шақырылып, төрт апта бойы оқытушылар мен студенттерге семинарлар мен шеберлік сағаттарын өткізді.



9 қараша күні PhD, қауымдастырылған профессор Мұстафа Кемаль Гүмүш «Химиялық талдау және мұнай химиялық синтез» мамандығының 2 курс магистранттарына "Green Chemistry" тақырыбында шеберлік сыныбын жүргізді. Бұл шеберлік сабақта магистранттар құнды мағлұматтар алып, жоғары деңгейде өткізілді.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Көптілді білім беру факультетінің Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттеріне Түркия мемлекетінен келген профессор Хикмет Қораш дәріс оқыды. Нийде қаласындағы Омер Халисдемир университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Хикмет Қораш түрік әдебиеті мен мәдениетінен танымдық тағылымдық дәрісін баяндады. Түрік қаламгерлерінің өмірі мен шығармашылығын, Осман империясының тарихын да мазмұнды айта кетті. Дәріс барысында түрік елінің көрнекті қаламгерлері, танымал жазушылары мен тұлғалары туралы көптеген ақпараттар айтылды. Дәрістен біз түрік елінің әдебиеті мен мәдениетін, түрік халықтарының әдебиетіндегі тың ақпараттармен таныстық. Сол елдің тұңғыш романын жазған Намық Кемалдің шығармашылығы жан-жақты зерделенді.

30 қараша күні Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің командасы Назарбаев Зияткерлік Мектебіне барып семинар өткізді.

Түркиядан келген профессор Суат Колуқырық 12-сынып оқушыларына «Түркияда оқуға 10 себеп» атты семинарда Түркияның қонақжайлылығы, білім деңгейі, климаты сынды себептері қозғады. Кездесу барысында профессор Түркияда мемлекеттік және жеке жоғары оқу орындарында білім алу туралы сөз қозғады. Ол түрік тілін үйрену, стипендия жеңіп алу және тегін білім алу туралы ойымен бөлісті. Бітіруші сыныптың оқушылары үлкен қызығушылықпен тыңдап, профессорға оқу, стипендия, тамақтану және т. б. туралы қызықтыратын сұрақтарын қою мүмкіндігіне ие болды.

Еркін форматта өткен кездесуде қатысушылар сұрақтарын анық қойып, өз ойларын ашық жеткізді. Пайдалы ақпаратқа толы семинарға қатысқан оқушылар риза болып, алғыстарын білдірді.

Алдағы уақытта шет елде білім алып, еліне қызмет ететін жастарымыздың қатары көбейе берсін.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасына ҚР БЖҒМ-нің «ҚР ЖОО-на шетелдік ғалымдарды шақырту» бағдарламасымен келген Түркия мемлекеті Ақдениз

университеті «Бейнелеу өнері» факультеті Графика кафедрасының профессоры, PhD Айдын Зордың 6В02103-Дизайн, 6В06101-Дизайндағы қолданбалы информатика, 5В060200-Информатика және 6В01102-Бизнес аналитика және ІТ жобаларды басқару мамандықтарының студенттеріне ScetchUp, Photoshop, After Effects бағдарламалары бойынша шеберлік сағатын өткізді.

Инновациялық білім беру факультетінің Педагогика және психология мамандығының 4-курс студенттеріне Түркия мемлекетінен келген Ақдениз университетінің профессоры Суат Колуқырық дәріс сабағын жүргізді.

Сабақ барысында Қазақ елі мен Түрік елдерінің және жалпы Түркі тілдес халықтарының психологиясы жайлы, ұқсастықтары туралы айтылды. Қазіргі қоғамдағы психологтардың маңызы туралы және бұл мамандықтың қыр сырын түсініп, адамдардың ойлау жүйесімен дұрыс жұмыс жасауды және де адамдарды дұрыс бақылауды үйрену керектігі айтылды. Ең жақсы психолог-ең жақсы бақылаушы болу керек деді.

Сонымен қатар, психологтарға ең қажетті, пайдалы техникаларымен бөлісіп практикада қолдануды ұсынды.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне Түркия елінен келген, Чанаккале Онсекиз Март университетінің Ағылшын тілін оқыту кафедрасының профессоры, Ph.D Джесур Куршат ҚР БЖҒМ -нің «ҚР ЖОО-на шетелдік ғалымдарды шақырту» бағдарламасы аясында қарашаның 12-нен желтоқсанның 10-ы аралығында Көптілді білім беру факультетінің студенттеріне, магистранттарына және профессор-оқытушылар құрамына «Практикалық ағылшын тілі», «Академиялық жазылым» пәндерінен дәріс оқып, «Оқушыларға ағылшын тілін үйрету» арнайы курсынан тренинг, мастер-класстар өткізуде.

6 желтоқсанда университетіміздің Ғылыми кеңес залында Түркияның Чанаккале Онсекиз Март университетінің қауымдастырылған профессоры, доктор Куршат Джесур Атырау облысы бойынша мектеп гимназиялардың, орта мектептердің және де колледждердің ағылшын тілі мұғалімдеріне шеберлік сағатын өткізді.

Халықаралық әріптестік және интернацияландыру бөлімі мен «Көптілді білім беру» факультетінің шетел тілін оқыту әдістемесі кафедрасымен бірлесіп жүргізілген дәріс сабағы оған қатысқан ұстаздардың білім бағытына тағы бір мол тәжірибе қосты. Оған Назарбаев зияткерлік мектебі мен Атырау университеті маңынан ашылған Ұстаз мектебінің мұғалімдері

де қатынасты. Шеберлік сағатын өткізу барысында шетелдік ғалым қатысушы мұғалімдерге бастауыш және орта сынып оқушыларына ағылшын тілін қарточкалар арқылы түрлі ойын құрастыра отырып үйрету әдісі жүргізді. Бұл әдістеме әсіресе балаларға ағылшын тілі сабағын оқытқан уақытта түрлі оқу қарточкалары пайдаланып, ойын арқылы олардың оқуға деген ынтасын арттырып, қызығушылығын танытумн қатар әртүрлі логикалық ойындар арқылы баланың ойлау және есте сақтау қабілетінің дамытуға негізделген.

Түркия университетінен арнайы келген ғалымның ағылшын тілін оқытудың өзіндік әдістемесіне қызығушылық танытқан оқытушылар шеберлік сағатын өткізу барысында әртүрлі сұрақ қойып, өзара пікірлер алмасты.

Төрт аптаға белгіленіп, өткізілген білімді жетілдіру аясында шеберлік сағатына қатысқан оқытушыларға арнайы университет атынан сертификаттар табысталды.

7 желтоқсан күні Ғылыми кеңес залында университетімізге Білім және ғылым министрлігінің «Шетелдік ғалымдарды Қазақстанның ЖОО-на тарту бағдарламасы» аясында келген Түркияның Ақдениз университетінің қауымдастырылған профессоры, доктор Суат Колуқырық Инновациялық білім беру факультетінің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттеріне «Ғылыми мақалаларды дайындау методологиясы» атты семинар өткізді. Ғалым өз тәжірибесімен бөлісіп, оқытушылар мен студенттердің сұрақтарына жауап берді.

Түркия мемлекетінің Canakkale Onsekiz Mart University оқу орнынан шақыртылған профессор, доктор Куршат Джесур Шетел тілін оқыту әдістемесі кафедрасы мен Аударма ісі және шетел тілдері кафедраларына тәжірибе алмасу мақсатында шеберлік сағатын өткізді. Куршат мырза білім беру үдерісінде, әсіресе шетел тілін оқыту барысында қарточкаларды қолдану әдісімен бөлісті. Әр түрлі тақырыптарды қамтитын қарточка топтамалары ағылшын тіліндегі шақтарды қолдануға, жаңа сөздік қорды жедел қалыптастыруға және есте сақтауға зор мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әр түрлі жас ерекшеліктеріне де есептелген. Бұдан бөлек профессор тіл мамандарының кәсіби шыңдалуына септігін тигізетін кеңестермен және пайдалы курстарымен бөлісті.

Шара соңында оқытушылар шеберлік сыныбы жөнінде жылы лебіздерімен бөлісіп, қатысқандығы жөнінде сертификаттар табысталды.

Шеберлік сағатын өткізген профессор Куршат бейге факультет атынан ризашылығымызды білдіреміз.

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Қ.Сансызбаев – Редактор
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы
А. Ғинаятұлы – фотограф
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:
Ә.Кенжетай

Редакция:

Н.Жаңбырбай
А.Өтемісқызы
А.Сәлімгерейқызы
Фархат Балғожиев
Электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #1169 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана